



Сабақтың тақырыбы:

Келісімшарт



Оқытушы: Мухамбетқалиева Г.Ш.

Сөздік

- **жекеменшік құқығы бойынша** - по праву собственности
- **сатушыға тиесілі** - принадлежащий продавцу
- **жалпы пайдалы аумағы** - общая полезная площадь
- **ешкімге сатылған жоқ** - никому не продан
- **қарыз өтеу** - уплата долгов
- **менің қатысуым кезінде** - в моем присутствии
- **пәтердің инвентарлық құны** — инвентаризационная стоимость квартиры
- **тұтқынға алынған жоқ** — под арестом не состоит
- **беру-алу актісі** — передаточный акт
- **«Тұрғын үй қарым-қатынастары туралы» заң** — закон «О жилищных отношениях»

Келісімшарт

Келісімшарт — тараптар арасында қандай да бір қатынастардың орнауы туралы келісімді белгілейтін және реттейтін құжат.

Мысалы: сату — сатып алу туралы, ауыстыру туралы, қарызға беру туралы немесе сыйға беру туралы және тағы басқа.

Қатысатын адамдар санына қарай келісімшарттар екіжақты немесе көпжақты болады. Келісімшарттың бас жағында келісім жасалған мекенжай және айы, күні, жылы сөзбен жазылады. Содан кейін тараптардың аты-жөні, мекенжайы, жеке куәліктерінің нөмірі және сол куәлікті берген мекеме атауы көрсетіледі. Сосын келісімшарт мәтіні жазылады. Мысалы, пәтерді сату — сатып алу туралы келісімшартта пәтерге қатысты бірнеше мәлімет беріледі, яғни пәтер кімнің жекеменшігі, ТИБ-те тіркелген нөмірі, ТИБ-тің анықтамасы бойынша пәтердің құны, пәтердің жалпы пайдалы аумағы және сол уақытқа дейін көрсетілген пәтердің ешкімге сатылмағаны, қарыз өтеуге берілмегені, дау-таласта, тыйым салуда болмағаны көрсетіледі.

Соңында келісімшарт нотариалдық кеңседе куәландырылады. Келісімшарт үш дана етіп жасалады. Оның бірі нотариалдық кеңседе сақталады. Қалған даналары қатысушы тараптарға беріледі.

Договор

Договор — соглашение между собой двух или более сторон (субъектов), по какому-либо вопросу с целью установления, изменения или прекращения правовых отношений. Служит источником обязательств, нравственных или юридических.

Пәтерді сату-сатып алу туралы келісімшарт

Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 141, екі
мың алтыншы жылғы 24 тамыз (келісімшарт
жасалған мекенжай және дата сөзбен жазылады)

Біз, төменде қол қоюшылар, Көкшетау қаласы,
Красная көшесі, 118-үй, 176-пәтерде тұратын
азамат Амантаев Арлан Аяпбергенұлы, Қазақстан
Республикасының ІІМ 2005 жылғы 13 ақпанында
берген жеке куәлігінің № 444312119, Көкшетау
қаласы, Абылай хан даңғылы, 54-үй, 33-пәтерде
тұратын азамат Сансызбаев Думан Әскербекұлы,
Қазақстан Республикасының ІІМ 2002 жылы 10
мамырда берген жеке куәлігінің № 314625101,
төмендегілер туралы осы келісімшартты жасадық:

Мен азамат Амантаев Арлан Аяпбергенұлы, Көкшетау қаласы, Красная көшесі, 118-үй, 176-пәтерде саттым, мен азамат Сансызбаев Думан Әскербекұлы Көкшетау қаласы, Красная көшесі, 118-үй, мекенжайындағы 18-пәтерді сатып алдым. Көрсетілген пәтер 1995 жылы 5 наурызда жасалған сатусатып алу келісімшартының негізінде ТИБ-те тіркелген; жеке меншік құқығы бойынша азамат Амантаев Арлан Аяпбергенұлына тиесілі. Келісімшарт № 16 тізбеге тіркеліп, Көкшетау қаласының лицензия № 0011 "Әділ" нотариалдық кеңсесінде куәландырылған:

- пәтер жалпы пайдалы аумағы 57 шаршы метр 4 бөлмеден тұрады;

- пәтердің инвентарлық құны ТИБ-тің 1995 жылғы 5 наурыздағы № 17 бланкіде көрсетілген анықтамасы бойынша жүз елу (150 000) мың теңге тұрады;

Мен, азамат Амантаев Арлан Аяпбергенұлы, көрсетілген пәтерді азамат Сансызбаев Думан Әскербекұлына осы келісімшартқа қол қою кезінде төленетін үш жүз елу мың (350 000) теңгеге саттым.

Осы уақытқа дейін көрсетілген пәтер ешкімге сатылған жоқ, қарыз өтеуге берілген жоқ, дау-таласта олған жоқ, тұтқынға алынған жоқ.

Пәтерді пайдалануды Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қарым-қатынастары туралы» заңында белгіленген, тұрғын үйді пайдалану ережелеріне сәйкес азамат Жақыпов Орал Санжарұлы жүргізеді.

Сатылған пәтерді азамат Амантаев Арлан Аяпбергенұлының беруі және оны азамат Сансызбаев Думан Әскербейұлы қабылдап алуы екі тарап қол қоятын беру-алу актінің негізінде жүзеге асырылады.

Қолданылып жүрген заңның № ... - бабының мазмұны түсіндірілді.

Келісімшартты ресімдеуге байланысты шығынды азамат Амантаев Арлан Аяпбергенұлы төлейді.

Келісімшарт үш дана етіп жасалған, бір данасы нотариалдық кеңсенің ісінде, екінші данасы сатушыда, үшінші данасы сатып алушыда сақталады.

Тараптардың қолы

сатушы/

сатып алушы/

Осы келісімшартты 2006 жылғы 25 тамызда мен, Исабеков Аслан Сағиұлы, Көкшетау қаласындағы лицензия № 3464 "Сенім" нотариалдық кеңсесінің нотариусы куәландырдым. Осы келісімшартқа менің қатысуым кезінде Тараптар қол қойды. Тараптардың жеке басы анықталды, құқықтық іс әрекетке қабілеттілігі және сатылатын пәтердің сатушыға тиесілі екендігі тексерілді. Келісімшарт техникалық инвентаризация бюросында тіркелді. Келісімшарт мәтіні дауыстап оқылды. № 112 тізбеге тіркелді. Тариф бойынша 500 теңге мемлекеттік салық алынды.

Нотариус

(қолы)

Автокөлікті сату — сатып алу туралы келісімшарт

Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 112-үй,
13 05. 2007 ж., 2003 үшінші жылғы 13 мамыр

Біз, төменде қол қоюшылар, Көкшетау қаласы, 1-ықшам ауданы, 20-үй, 10-пәтерде тұратын азамат Бейсебеков Болат Әнетұлы, Қазақстан Республикасының ІІМ 2001 жылғы 10 ақпанда берген жеке куәлігінің № 465346514, Көкшетау қаласы, Абылай хан даңғылы 102-үйде тұратын азамат Бәйменов Мейрам Қанатұлы, Қазақстан Республикасының ІІМ 1995 жылғы 3 ақпанда берген жеке куәлігінің №100245141 төмендегілер туралы келісімшарт жасадық:

1. Мен, азамат Бейсебеков Болат Әнетұлы, "жигули" маркалы жеңіл автокөлігімді сатамын, кузовының типі, шығарылған типі, шасси нөмірі, двигатель нөмірі, мемлекеттік нөмірі А 582 КОМ, мен, азамат Бәйменов Мейрам Қанатұлы, көрсетілген автокөлікті сатып аламын.

Көрсетілген автокөлік Мемлекеттік автоинспекциясының 1998 жылғы 16 сәуірде берген № 254631 техникалық паспорттың негізінде маған, Бейсебеков Болат Әнетұлына тиесілі.

Автокөлік жүз жетпіс бес мың (175 000) теңгеге сатылады. Көрсетілген соманы қол қою кезінде азамат Бәйменов Мейрам Қанатұлы төлейді.

Осы уақытқа дейін көрсетілген автокөлік ешкімге сатылған жоқ, тұтқынға алынған жоқ, қарыз өтеуге берілген жоқ.

Осы келісімшартты ресімдеудің шығынын азамат Бәйменов Мейрам Қанатұлы төлейді.

Осы келісімшарт үш дана етіп жасалған, бір данасы нотариалдық кеңсенің ісінде сақталады, екінші данасы азамат Бейсебеков Болат Әнетұлына, үшінші данасы Бәйменов Мейрам Қанатұлына берілді.

Тараптардың қолы: сатушы/
сатып алушы/

2007 жылғы 13 мамырда осы келісімшартты мен, Жазықова Шолпан Ахатқызы, Көкшетау қаласындағы лицензия № 365 "Айқын" нотариалдық кеңсенің нотариусы куәландырамын.

Осы келісімшартқа менің қатысуым кезінде Тараптар қол қойды. Тараптардың жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі және сатылатын автокөліктің сатушыға тиесілі екендігі тексерілді. Келісімшарт мәтіні дауыстап оқылды. № 257 тізбеге тіркелді. Тариф бойынша 500 теңге мемлекеттік салық алынды.

Нотариус (қолы)

Тапсырмалар





Тапсырмалар

- **1-тапсырма. Сөз тіркестерін аударыңыз.**

Келісімшарт жасау, мәміле барысында, пәтерді сату — сатып алу туралы келісімшарт, осы уақытқа дейін, тараптардың қолы, жүзеге асырылады, төмендегілер туралы, тұрғын үйді пайдалану ережелеріне сәйкес, пәтерді сатып алдым, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі, келісімшартты рәсімдеу, дау-таласта болған жоқ, жекеменшік құқығы бойынша, жалпы пайдалы аумағы.

• **2-тапсырма. Екі тілде берілген сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз.**

1. Тұтқынға алынған жоқ - **под арестом не состоит**
2. дееспособность сторон
3. Төмендегілер туралы осы келісімшартты жасадық.
4. указанная квартира принадлежит мне
5. Көрсетілген пәтер маған тиесілі
6. нижеподписавшиеся
7. Ешкімге сатылған жоқ
8. текст договора прочитан вслух
9. Тараптардың құқықтық іс- әрекетке қабілеттілігі.
10. Заключение настоящий договор о нижеследующем.
11. Келісімшарт мәтіні дауыстап оқылды.
12. никому не продан.
13. Төменде қол қоюшылар
- 14. под арестом не состоит**

3-жаттығу. Келісімшарттағы қажетті сөздерді қойыңыз.

- 1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 14 қарашада жеке куәлігінің № 123456579. 2. Аталған пәтер құқығы бойынша азамат Мейрам Нұрболатұлына 3. ТИБ-тің бойынша пәтердің құны 9 485 150 теңге. 4. Келісімшартты рәсімдеудің азамат Ербол Маратұлы төлейді. 5. Осы келісімшарт жасалғанға дейін пәтер ешкімге жоқ, қарыз берілген жоқ, алынған жоқ. 6. Тараптардың анықталды, ; тексерілді, пәтердің сатушыға екендігі тексерілді. 7. Тариф бойынша 500 теңге мемлекеттік алынды. 8. Келісімшарт мәтіні оқылды.



Үй тапсырмасы

4-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Келісімшарт — қандай құжат?
- Ол қандай жағдайларда жасалады?
- Қатысатын адамдар санына қарай қандай келісімшарттар жасалады?
- Келісімшарттар қайда куәландырылады?
- Келісімшарт неше дана болып жасалады?
- Пәтерді сату-сатып алу туралы келісімшартта қандай мәліметтер беріледі ?